

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бергі уақытта білім беру саласы көптеген реформалардан өтіп келеді. Өзгеріске бейімделгіш ұстаздардың шеберлігінің арқасында білім нәрімен сусындаған талай шәкірттер тәуелсіз елімізге қызмет етуде. Заманауи бағытта жұмыс істеу жүйесі қалыптасқан білім ошақтарының арасында Бидайық орта мектебінің шоқтығы биік. Аталмыш ұжым биылғы жылы “Үздік мектеп” атанып, 17 млн. теңгенің сертификатын жеңіп алды. Бұл ұжым үшін зор мәртебе және ұстаздар қауымына мол жауапкершілік жүктейді. [generic cialis soft from india](#) [generic cialis pills tadalafil](#) [cialis tadalafil 20mg medication comparison levitra or cialis](#) [online cialis](#) [order cheap cialis](#)
argaiv1582

Осындай зор табысқа кенеліп отырған білім ошағының тарихы 80 жылдығын атап өкелі отырған облыстың тыныс-тіршілігімен астасып жатыр. Бидайық мектебі сонау тың игеру жылдарында, яғни 1956 жылы құрылған. Отпелі кезеннің талай қиындықтарын басынан өткерген қиелі шанырақ білікті басшылардың арқасында дами түсті. Еліміз егемендігін алғаннан бергі уақытта мектеп өзінің жана келбетін қалыптастырып, нәтижеге бағытталған жұмыс жүйесін орнатты.

Білім ошағы тәжірибелі мұғалімдерімен, жанашылдыққа тез бейімделгіштігімен ерекшеленеді. Алдарынан талай шәкіртті қанаттандырып ұшырып, білім ошағымен бірге жасап, еңбегінің зейнетін көріп отырған Балкөн Шаймұратқызы, Мафруза Алдабергенова, Құлпаш Жүнісова сынды ұстаздарымыз – мақтанышымыз. Бүгінгі танда жана әдіс-тәсілдерді игеріп, оны ізбасарларына үйретуден жалықпайтын Амантай Имағанбетов, Тұрлыбек Салықбаев, Алтыншаш Мәжитова, Райхан Қасымова, Гүлжахан Ескендірова, Зұлфира Тілеуқабылова, Шынар Шахметова сынды аға буын оқилдері білім беруде нәтижелі еңбек етіп келеді.

Өр оқу кабинетінің заманауи талаптарға сай қайталанбас дизайны, қажетті жабдықтары бар. Ұжым басшысы Раиса Көрімжанованың бақылауымен педагогтердің кәсіби дамуы, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу-тәрбие үдерісіне белсенді түрде енгізуі, дамыта оқытудың әдіс-тәсілдерін меңгеруі бірізділендірілген. Ұстаздар жана оқу модульдік технология, сын түргысынан ойлау, жобалау технологияларын кенінен қолданады және семинарларда, педагогикалық оқуларда, шеберлік сыныптарында, баспа беттерінде, сайттарда тәжірибелерімен боліседі. Компьютерлік сыныптар интернет желісіне қосылған. Пән мұғалімдері ақпараттық техниканы жүз пайыз игерген. Осындай жүйелі атқарған еңбек бағаланып, мектебіміз жыл сайын он нәтижелерге

жетуде.

Бидайық орта мектебі соңғы 8 жылда үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтсақ, 2013 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижесі бойынша облыстың он үздік мектебінің қатарына еңсе, келесі жылы “Тиімді ауыл мектебі” атты қашықтық байқауының III дәрежелі дипломына ие болды. Мектебіміздің он ұстазы “Оқу үдерісінің озық әдісі – жаппай білім беру сапасының негізі” атты сынама жобаға қатысты. Ұжым Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған “Сені жырға қосамын, туган өлкем!” аудандық қоркөмонерпаздар байқауында бас жүлдеге ие болып, 50000 теңге көлемінде қаржылай сыйақы алды. Мектептің педагогикалық ұжымының басқа да жетістіктері көп.

Әр оқушы – бір әлем. Әр шәкіртіне тұлға ретінде қарап, бағалап, талантын ашып, өзіне артылған жүкті абыроймен орындап жүрген ұстаздар көп. Бастауыш сынып мұғалімі, “Үздік педагог – 2013” байқауының жүлдегері Үмітжан Нұрғазина Оскемен қаласында өткен мұғалімдер сайысында “Үздік шеберлік сыныбы” аталымын жеңіп алды. Зульфира Тілеукабылова “Жылдың үздік педагог-психологі” атанса, тарих пәнінің мұғалімі Дәурен Исақов – республикалық “Үздік жас маман” байқауының жеңімпазы.

Алуа Сандыбаева, Альсина Бірманова, Дамира Мұхатова, Анеля Қазбекова әр жылдары “Алтын белгі” иегерлері атанса, Қуаныш Қайданов пен Еркежан Жүнісов үздік аттестат алды. Бүгінде ұстаз еңбегін ақтап, мектептің атын шығарып жүрген басқа да оқушыларымыз өсіп келеді. Ұжымның басым бөлігі шәкірттерінің ғылымға деген қызығушылығын арттыруда. Мектебімізде республикалық “Зерде” ғылыми жобалар байқауының ағылшын тілі мен математика пәндерінен өткен қашықтық олимпиадаларының жеңімпаздары да бар.

Мектепте оқушылардың талантын жан-жақты үштайтын “Ерке қыз”, “Үкілі домбыра”, “Жас талап”, “Кол өнері” үйірмелері жұмыс істейді. Облыстық, аудандық спорттық жарыстарда мектеп намысын қорғайтын оқушыларымызды дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдері Дулат Мұхамедьяров пен Арман Шайсұлтанов шындайды. Ұстаздыққа жауапкершілікпен қарайтын жас мамандарымыздың ертенінен зор үміт күтеміз. Ата-аналардың да еліміздің ертені болар жас ұрпақты оқытып-тәрбиелеуге қосқан үлесі зор. Ұжым ауылдық білім ошақтарының арасында бірінші болып “Үздік мектеп” атағын жеңіп алды. “Бірлік бар жерде тірлік бар” дегендей, бұл ұжымның қоян-қолтық атқарған жұмысының және тәуелсіздік жылдарында ауылдық мектептерге де барлық жағдайлардың жасалуының нәтижесі деп білеміз.

Маржан КАРКОШЕВА,

Бидайык орта мектебі директорынын тәрбие ісі жоніндегі орынбасары.

Уәлиханов ауданы.